

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.І, Ч.1. - Б.59-60

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, ШОРТАНДЫ АУДАНЫ «БЕКТАУ» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДА АРПА ДАҚЫЛЫН ЖЕМ – АЗЫҚҚА ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Абдирова А.Б.

Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы саласы экономиканың маңызды бөлшегі саналады. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев агроөнеркәсіптік кешенге ерекше мән беріп, аграрлық сала мамандарына жаңа талаптар мен міндеттер жүктеп отыр. Бұл ретте біз инновациялық жобаларды тиімді жүзеге асыратын, ғылыми жаңалықтарымызды өндіріске енгізіп, халықтың игілігіне жарататын білікті кадрлар мәселесіне айрықша ден қойып келеміз. Себебі біз отандық аграрлық білім мен ғылымды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру арқылы Қазақстанның аграрлық саладағы ғылыми өндірісінің өнімдерін әлемдік нарыққа шығаруға күш салуымыз қажет [1].

Республикамызда мал шаруашылығын қарқынды да тұрақты әр шаруашылықта мал азығының жеткілікті қорын жасаудың және оның сапасын арттырудың мәні зор. Осымәселелерді шешуде табиғи шабындықтар мен жайылымдардың және егістікте өндіретін мал азығының өнімдері мен сапасын арттыру ерекше орын алады [2].

Ауыл шаруашылығы министрлігі инвестициялық жобалардың капитал ауқымын және өтеу мерзімін қысқарту мақсатында «Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында жайылымдардың инфрақұрылымын дамытуға бағытталған инвестициялық салымдар кезіндегі шығындарды ішінара өтеуді көздейтін мемлекеттік қолдау түрін енгізуді ұсынды [3].

Осы бағдарламадағы мәселені тиімді шешу жолдарын қарастыру мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Айта кететін болсақ қолға алынып отырған зерттеу жұмыстары жайылымдарды жақсартуда сонымен қатар мал шаруашылығы өнімділігін арттыру маңызды екенін көрсетеді. Сол себепті де осы зерттеу жұмыстарын нақты да тиянақты жүргізу еліміздің келешек экономикасының қарқынды дамуына өз үлесін қоспақ.

Көптеген дамыған елдерде мал шаруашылығында жайылымдар мен шабындықтардың үлесі өте жоғары. АҚШ-та барлық мал түріне берілген мал азығы құрылымында жайылымдық мал азықтар 36,9%, ал етті мал шаруашылығында - 53% құрайды; аналық және жас малдың үлесінде 70%, ал бордақы малдың үлесі тек 5-6% ғана. Бұл елдің мал шаруашылығы,

әсіресе етті бағытында малды қоректендіру концентраттардың мөлшерін арттырумен қатар жайылымдық мал азығының көлемін арттыру арқылы жетілдірілген.

Еуропа елдерінің тәжірибесіне көз жүгіртсек шабындық-жайылымдық жерлердің, оның ішінде көпжылдықтар мен себілген дақылдардың ауылшаруашылық жерлер құрылымындағы үлесі Францияда - 49%, Ұлыбританияда - 73, Нидерландыда - 59, Бельгияда - 49, Германияда - 40, Данияда - 21% құрайды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда жайылымдардың ауданы 189 млн. га, оның ішінде суландырылған жайылымдар 59,5 млн.га құрайды. Жайылымдардың пайдаланудан шыққан жерлерінің үлесі: тау беткейінде - 3,8 млн. га, шөл аймағында - 13,2 млн. га, орманды дала және дала аймақтарында – 5,6 млн. га құрайды [4].

Еуропалық одақтың Бірыңғай ауыл шаруашылық саясатын және «жасылдандыру» мәселесін (биологиялық әртүрлілікті сақтау және арттыру, экологиялық тұрғыдан тұрақты түрде тамақ өнімдерін өндіру), тритикале (*Triticosecale Wittmack*), арпа (*Hordeum vulgare L.*), қара бидай (*Seceral cereal L.*) дақылдары болашақта мал шаруашылында азықпен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [5].

Қазақстанның мал шаруашылығы саласын ойдағыдай дамытуда жем – азықтық дақылдар өндірісін арттырудың рөлі зор, өйткені жемазыққа бидай астығын пайдалану экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Қазақстандағы негізгі жемазықтық дақылдарға арпа мен сұлы жатады. Арпа – маңызды біржылдық малазықтық, азық – түліктік және техникалық дақыл [6].

Осы мақсатпен зерттеулеріміз Ақмола облысы, Шортанды ауданы «Бектау» ЖШС жүргізіледі. Бұл мақалада «Бектау» ЖШС жағдайында арпа дақылын жем – азыққа өсіру технологиясын жетілдіру мақсатында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде анықталады. Арпа дақылының астыққа ғана емес, жем – азыққа қолдану мақсатында өсіру кезіндегі агротехникалық шараларды дұрыс таңдау арқылы, себу мерзімі, мөлшері, ауыспалы егістерді және «Бектау» ЖШС жағдайында арпа дақылын жем – азыққа өсіру тиімділігі анықталады.

Ақмола облысында астық тұқымдас дақылдар көп мөлшерде өсіріледі. Оның ішінде – жаздық жұмсақ бидай, тұқымдық және мал азықтық арпа өсіріледі.

Ақмола облысы, Шортанды ауданындағы іргелі шаруашылықтардың бірі саналатын «Бектау» серіктестігі жалпы көлемі 29468 гектар алқап алып жатыр. Оның ішінде дәнді дақылдардың егістік алаңы – 19570га, арпа дақылына тиесілі алқап 2192 гектар. Бұл мәліметтер 2017 жылы алынған. Ал осы 2018 жылы арпа дақылын 5000га жерге егілу жоспары әзірленуде.

«Бектау» ЖШС-де арпа дақылының өнімділігі 2015 жылы 9ц/га, 2016 жылы 20 ц/га, 2017 жылы 10 ц/га көрсетті. 2015 - 2017 жыл аралығындағы өнімділік көрсеткіштерін, дақылдың өнімділігін, шаруашылыққа тиімділігін ескере отырып, 2018 жылы шаруашылық алқабынан 5000га жер арпа дақылынаәзірленді. Жоспарланған жылы арпа дақылынан жоғары өнім алу

үшін "Бектау" ЖШС климат жағдайына тәуелділікті азайту үшін жыл сайын агротехникалық шараларды қатаң сақтап, жерді озық технология бойынша өңдеуді қажет етеді. Шаруашылық осы шарттарды мүмкіндігінше сақтауға күш салады.

Әдебиеттер тізімі

1 «Егемен-ақпарат» газеті ақпараты. 17.04.2015 жылғы басылым. Аграрлық университетте өткен кеңес. <https://egemen.kz/2015/?p=57769>

2 Әубәкіров Қ. "Жаңа және аз тараған мал азықтық өсімдіктер" оқу құралы. – Алматы: Білім баспасы 2007ж, - 232б

3

Правительством РК принята новая отраслевая программа «Агробизнес-2020» <http://mgov.kz/pravitel-stvom-rk-prinyata-novaya-otraslevaya-programma-agrobiznes-2020/>

4 Mozhaev N.I., Kurishbayev A.K., Serekraev N.A., Stybaev G.Zh., Khurmetbek O. Effect of Different Methods of Sod Layer Improvement on Phytocenosis of Southern Chernozems in the Steppe Zone of Akmolinsk Region // Biosciences biotechnology research asia. – 2014. – Vol. 11(3). – P. 1309-1317.

5 Noya I., Gonzalez-García S., Bacenetti J., Fiala M., Maria Teresa Moreira. Environmental impacts of the cultivation-phase associated with agricultural crops for feed production. Department of Chemical Engineering, School of Engineering, University of Santiago de Compostela, 15782 Santiago de Compostela, Spain. Department of Agricultural and Environmental Sciences, Production, Landscape, Agro energy, Università degli Studi di Milano, Via G. Celoria 2, 2013 Milan, Italy

6 Әрінов Қ.Қ. Шестакова Н.А. Солтүстік Қазақстан өсімдік шаруашылығы. Астана: - 2009 – 173б

Ғылыми жетекші: PhD, Хурметбек О.